

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Педагогтік шеберлік - үйрену мен ізденудің нәтижесі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
12.10.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/82890/>

Нурмашева Мулдир Калдыбековна

Қостанай қаласы

«Қостанай қаласы әкімдігінің №4 балабақшасы МКҚК»

Ағылшын тілі мұғалімі

nurmashmoldir@mail.ru

## Педагогтік шеберлік - үйрену мен ізденудің нәтижесі

Әрбір мемлекеттің өсіп-өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы ұстаз берген білім. Сондықтан да дамудың ең биік көкжиегінен көрінгісі келетін кез келген мемлекет, ең алдымен, білім беру саласын жолға қойып, сапасын көтеруді мақсат етеді. Ендеше осындай бәсекеге қабілетті, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу заманауи мұғалімнің еншісіне тиері анық. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының қазіргі таңда білімді, білгенін өмірге пайдалана алатын шәкірт тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Қытай философының «Маған жәй айтсаң - ұмытамын, көрсетсең есімде сақтаймын, ал өзімді іс - әрекетке қатыстырсаң үйрене-мін» деген даналығы білім алушының білімге ықыласын арттыруда ақпараттық - коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып, өзіндік ізденіс жүргізуді практикада жүзеге асырудың маңызды екендігін көрсетеді. Сапалы білім негізі - жан-жақты ақпараттық материалдарды, көрнекі құралдар мен ұтымды технологияларды, тиімді әдіс - тәсілдерді пайдалана отырып, білім алушыға ешбір кітаптан таба алмайтын білім беру. Жаңа әдіс-тәсілдер мен жеті модульді сабақта пайдаланып, жаңаша сабақ өткізетін мұғалімнің өзгермеуі мүмкін емес жағдай. Өйткені, қазіргі уақытта оқу және оқыту үдерісі заман талабына сай үнемі қозғалыста. Осы қозғалысқа ілесем деген әрбір ұстаз сабақтарына өзгеріс енгізіп, түрлендіре өткізуі қажеттігін байқадым. Сол себепті мұғалімдер ізденіп, сан түрлі өзгерістер жасауға ұмтылады.

Өз тарапымнан байқаған өзгерістерге тоқталып өткім келеді. Сабақтарды тренингтер өткізу арқылы топқа бөлуден бастау әдісі, оқушылар жүрегіне жол тауып, сабаққа деген көңіл — күйлерін арттыра түсті. Топпен және жуппен жұмыс жасауда, жеке жұмыстарды

орындауда да оқушылар өздерінің көшбасшы бола алатындарын көрсетті. Өйткені қай оқушыны алсақ та, әрқайсысы өз санасында көшбасшы. Топта өз пікірін білдіріп ойын ортаға салса немесе топ атынан жауап берсе, бағалауда болсын өз көшбасшылығын көрсету деңгейіне жетті. Бұрын сабақта тек оқушы өз атынан жауап беріп баға алса, бұл ретте жұп болып жұмыла жұмыс жасап, топта сыныптастарымен ақылдаса отырып, бір-бірінің ойын ортаға салып, шешімін тауып жүйелі жауап беретін деңгейге келді. Бір-біріне деген қарым-қатынастары мен көзқарастары өзгерді. Сонымен қатар оқушылардың тапсырмаларына да өзгеріс енді. Сыныпта ортаға шығып өз ойларын еркін жеткізе алды. Мұғалім мен оқушы ғана емес, оқушы мен оқушы арасындағы диалог өрбіді.

Бұрындары үлгерімі төмен оқушылар назардан тыс қалып қойып отыратын, керісінше үздік оқушылар үнемі сабақта жауап беріп, жоғары бағаланып келсе, ал осы бағдарламаның тиімділігінің арқасында әр оқушыға жеке тұлға деп қарап, жеке қабілетіне қарап тапсырмалар беріп, үлгермеуші оқушыларға көңіл аударса олардан жақсы көшбасшы шығатындығына көз жеткіздім. Сабақтарымда үлгермеуші, тұйық оқушыларға назар аударуды бірінші орынға қойып, оларды сабақта жақсы нәтижеге жетелей бастадым. Өз тұсымнан «Жарайсың, жауабың керемет!», «Тамаша!», «Өте жақсы пікір айттың!» «Дұрыс айттың!» деген сияқты ынталандыру сөздерін айтып, формативті бағалауды үйрендім. Оқушылар топта жұмыс жасау барысында белгілі бір критерийлерге сүйене отырып бір-бірін бағалауды үйрене бастады. Осындай бағалауды жүргізе отырып оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары мен ынталарының артқандығын байқадым. Сөйтіп, бағалауға деген менің көзқарасым бұрынғыға қарағанда мүлдем өзгерді.

Қазақстанның білім беру мазмұны сөзсіз жаңа сатыға көтеріліп, алға қадам бастап келеді. Біліктілік пен шеберлігімізді ұштастырып, жас ұрпақты әлемді мойындататын рухани биікке көтеру біздердің міндетіміз. «Педагогтік шеберлік» – дарынды талант емес, үйрену, ізденудің нәтижесі. Ендеше, іздену мен үйренуді ешқашан тоқтатпайық,- дегім келеді. Өркениет көшіндегі білім кемесінің сапары оңынан болғай!

**КМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.